

ӘЖК 821.512.122  
КБК 84 Қаз 7-44  
Ж 87

Баспаға М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының  
Ғылыми кеңесі ұсынған

Басылым ҚР ҒЖБМ Ғылым комитетінің BR20281009 «Қазіргі әдебиеттану мен  
өнертанудың өзекті мәселелері» атты конкурстан тыс нысаналы бағдарлама  
аясында әзірленді.

«Академиялық басылым» сериясының негізгі 2020 жылғы қаланған

*Идея авторы және жобая жетекшісі:*

ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, филология ғылымдарының докторы К.І.  
Матыжанов

*Пікір жазғандар:*

ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, филология ғылымдарының докторы А. Шәріп,  
Филология ғылымдарының кандидаты Т. Шапай, PhD Е. Қуатбек

**Томның редакция алқасы:**

К. Матыжанов (жалпы редакциясын басқарған),  
Ш. Мустафаев, С. Касқабасов, Т. Қалдыр, Т. Әкімова, Н. Мүрсәлімова, Ж. Рақыш  
(жауапты редактор), Ж. Салтақова, Н. Сәрсек (жауапты шығарушы).

**Ж 87 Мағжан.**

Шығармаларының академиялық толық жинағы./Үштомдық.  
1-том / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: К. Ма-  
тыжанов, Т. Әкімова, Ж. Рақыш, Н. Сәрсек – Астана: Түркі  
Академиясы, 2023. – 544 бет.

ISBN 978-601-339-232-5 (жалпы)

ISBN 978-601-339-235-6 (1-том)

Мағжан Жұмабайұлы шығармаларының академиялық толық жинағы  
ақынның 130 жылдық мерейтойына орай текстологиялық зерттеулер  
негізінде сараланып шығарылып отыр.

Жинақтың бірінші томына ақынның өлеңдері топтастырылды.

ISBN 978-601-339-232-5 © М.О. Әуезов ат. Әдебиет және өнер институты, 2023

ISBN 978-601-339-235-6 © Түркі Академиясы (басып шығару), 2023

## АНДАТПА

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты  
қазақ әдебиеті мен өнерінің аса көрнекті өкілдері шығар-  
маларының академиялық толық жинағын даярлап, элект-  
ронды кітапханасын қалыптастырып, «Академиялық ба-  
сылым» атты сериямен басып шығаруды жалғастырып ке-  
леді. Бұған дейін Абай (2020), Жамбыл (2021), Ахмет (2022)  
шығармаларының академиялық толық жинақтары жарық  
көріп, ғылыми ортаның ризашылығына бөленді. Аталған  
басылымдар Институт сайтындағы электронды кітапханаға  
жинақталды.

Биыл Мағжан Жұмабайұлының туғанына 130 жыл то-  
луына орай ақын шығармаларының үш томдық академия-  
лық толық жинағы оқырман назарына ұсынылып отыр.

XX ғасырдың 30-жылдары Мағжан Жұмабайұлының  
жеке басы ғана қуғын-сүргінге ұшырап қоймады, аса та-  
лантты сыршыл ақынның артында қалған рухани мұрасын  
да, есімін де кеңестік идеология жас ұрпақтың санасынан  
өшіруге тырысып бақты. Мындаған данамен таралған  
еңбектері тәркіленіп, жойылды. Жекелеген адамдардың  
«халық жауының» шығармаларын оқуына, үйінде ұстау-  
ға тыйым салынды. Екі тілге (қазақ, орыс) бірдей жетік,  
араб (төте), орыс (кириллица) жазуларында қатар жазатын  
қаламгердің артында өз қолымен жазылған бірде-бір қол-  
жазбасының қалмағаны өкінішті. Осылайша қазақ халқы